

**«Молдір бұлақ» бөбекжай-бақшасы**

**Кеңес беру:**

**«Сөйлеу тілін дамытуда үй жағдайында қолдануға болатын ойындар»**

**Жауапты: С.Копжасарова**

**Қайрат ауылы**

**Тақырыбы:** «Сөйлеу тілін дамытуда үй жағдайында қолдануға болатын ойындар»

**Мақсаты:**

- Ата-аналарды баланың сөйлеу тілін дамытуға арналған карапайым үй жағдайында жүргізілетін ойындармен таныстыру.
- Баланың сөздік қорын, дұрыс дыбыстауын, байланыстырып сөйлеуін дамытуға көмектесу.
- Ата-ананың бала тәрбиесіндегі белсенді рөлін арттыру.

**Кенес құрылымы**

### 1. Кіріспе сөз (психолог маманының сөзі)

- Сөйлеу тілі бала дамуының негізгі көрсеткіші екендігі түсіндіріледі.
- Баланың сөйлеуі үйде де, балабақшада да бірдей назарда болуы маңызды.

**Мысал:**

«Құрметті ата-аналар! Балаңыздың тілі – оның ойының айнасы. Біз сіздерге үйде оңай қолдануға болатын ойын түрлерін ұсынамыз. Бұл ойындар баланың сөздік қорын кеңейтіп, сөйлем құрау дағдысын жетілдіреді».

### 2. Негізгі бөлім

#### 1-ойын: «Кім қалай дыбыстайды?»

**Мақсаты:** Дыбыстау мүшелерін жаттықтыру, дыбыстарды дұрыс айту.

**Өткізу тәсілі:**

- Ата-ана жануарлардың, құстардың, заттардың дыбыстарын салады («мяу-мяу», «қо-қо», «шыр-шыр»).
- Бала қай жануар екенін тауып, қайталайды.

#### 2-ойын: «Сиқырлы қапшық»

**Мақсаты:** Сөздік қорды дамыту.

**Өткізу тәсілі:**

- Қапшыққа әртүрлі ойыншықтар немесе тұрмыстық заттар салынады.
- Бала қолымен ұстап, не екенін тауып, атын айтады.

### **3-ойын: «Не өзгерді?»**

**Мақсаты:** Зейінін, есте сақтауын дамыту, сөйлем құрату.

**Өткізу тәсілі:**

- Үстелге 3–4 зат қойылады.
- Бала заттарды атап шығалы.
- Ата-ана біреуін алып тастайды, бала қайсысы жоқ екенін айтуы керек.

### **□ 4-ойын: «Жалғастыр»**

**Мақсаты:** Байланыстырып сөйлеуді дамыту.

**Өткізу тәсілі:**

- Ата-ана сөйлемнің басын айтады: «Бүгін күн жылы, біз...», «Мен дүкенге бардым да...».
- Бала сөйлемді жалғастырады.

### **□ 5-ойын: «Ауызша сурет салу»**

**Мақсаты:** Қиялды, сөздік қорды, сөйлем құрастыруды дамыту.

**Өткізу тәсілі:**

- Ата-ана: «Орманда бір аю жүр екен...» деп бастап береді.
- Бала қиялдап, ауызша әңгіме құрайды.

## **3. Қорытынды**

- Ата-аналарға баламен жиі сөйлесу, сұрақ қою, ертегі оқу, бірге сурет салу арқылы да сөйлеу дағдылары дамитыны айтылады.
- «Күнделікті 10–15 минуттық ойын баланың сөйлеу қабілетін айтарлықтай дамытады» деген ұсыныс беріледі.

## **4. Ұсыныстар ата-аналарға**

- ✓ Балаға сөзді қысқа және анық айту.
- ✓ Дыбыстарды бұрмаламай, дұрыс үлгі көрсету.
- ✓ Баланың әрбір жауабын қолдау, мақтау.
- ✓ Кітап, ертегі оқуға күн сайын уақыт бөлу.

### **★Қорытынды сөз:**

«Құрметті ата-аналар, баланың тілі – оның болашағының негізі. Балаңызбен бірге ойнап, сөйлесіп, қиялдауға мүмкіндік берсеңіз, сөйлеу дағдылары тез әрі дұрыс дамиды».